

Zańgır aıt

2004 жылдың
наурыз айынан шығады



ЖӘНГІР ХАН УНИВЕРСИТЕТИ

МЕРЕЙТОЙ

Қос мереке ұлықталды

Қазан айы – қайырымдылық айы. Ал Жәңгір хан университетінің ұжымы үшін биылғы күздің екінші айы қос бірдей мерекемен айшықталды. Оның бірі – ұлттық мейрамымыз Республика күні болса, екіншісі – университетіміздің 60 жылдық мерейтойы.

Жалпы білім ордасының мерейтойына арналған іс-шаралар жыл басынан бері ұйымдастырылып келеді. Ал қазан айында республикалық, халықаралық деңгейдегі негізгі іс-шаралар өткізіліп, Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің мәртебесі асқақтай түсті. Еліміздің әр өңірінен түлектер жиналып, шетелдік әріптес жоғары оқу орындарының өкілдері келіп, университет қызметкерлерінің қуанышына ортақтасты.

13 қазанда өткен Түлектер мен қамқоршылар форумына облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысып, ұжымды мерейтойымен арнайы құттықтады. Сонымен қатар Түлектер мен қамқоршылар қауымдастығының кеңейтілген отырысында университеттің түлектермен және жұмыс берушілермен бірлескен жұмыстары талқыланды.

Ал Республика күні қарсаңында өткен «Жәңгір хан университеті: бүгінгі, ертеңі, болашағы» атты салтанатты шараға университеттің басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов, облыс әкімінің орынбасары Бақытжанов Нарымбетов, ардагер ұстаздар, Мичурин мемлекеттік аграрлық университетінің, Тамбов мемлекеттік университетінің, Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетінің, Самарқан ветеринарлық медицина институтының, Жилин университетінің өкілдері, шақырылған қонақтар және жоғары оқу орнының қызметкерлері мен студенттері қатысты. Осы кеште университеттің даму жолында өз қолтанбаларын қалдырған, жемісті еңбек етіп жүрген қызметкерлер ҚР Ауыл шаруашылығы, Экология және табиғи ресурстар, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының, Батыс Қазақстан облысы және Орал қаласы әкімдерінің марапаттарымен және «Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталды.



Отметили двойной праздник

Октябрь – месяц благотворительности, а для коллектива университета Жангир хана второй месяц осени этого года запомнился двойным праздником: один из них – национальный праздник – День Республики, другой – 60-летний юбилей нашего университета.

В целом мероприятия, посвященные юбилею вуза, проводятся с начала года. В октябре были проведены основные мероприятия республиканского и международного уровня, и повысился статус Западно-Казахстанского аграрно-технического университета. Из разных регионов страны собрались выпускники, приехали представители зарубежных вузов-партнеров, которые разделили радость сотрудников университета.

13 октября в форуме выпускников и попечителей принял участие аким области Нариман Төреғалиев, который поздравил коллектив с юбилеем. Также на расширенном заседании Ассоциации выпускников и попечителей была обсуждена совместная работа университета с выпускниками и работодателями.

В преддверии Дня Республики на торжественном мероприятии «Университет Жангир хана: настоящее, завтра, будущее» приняли участие председатель правления-ректор университета Асқар Наметов, заместитель акима области Бақытжан Нарымбетов, ветераны, представители Мичуринского государственного аграрного университета, Тамбовского государственного университета, Уфимского государственного нефтяного технического университета, Самаркандского института ветеринарной медицины, Жилинского университета, приглашенные гости, сотрудники и студенты вуза. На данном мероприятии сотрудники, плодотворно трудящиеся на пути развития университета, были награждены наградами министерств Сельского хозяйства, Экологии и природных ресурсов, Индустрии и инфраструктурного развития РК, Национального аграрного научно-образовательного центра, акимов Западно-Казахстанской области и города Уральска и нагрудными знаками «За вклад в развитие университета».

ТҰЛҒА

Білім ордасының алғашқы түлегі

Ғабдрашит Қарменов – қазіргі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ды, бұрынғы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын 1968 жылы бітірген алғашқы түлектерінің бірі. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін түрлі лауазымдық қызметтерді атқарған кейіпкеріміз қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыста. Университетіміздің алғашқы түлегімен арнайы кездесіп, аз-кем сұқбаттастық.



Университеттің мерейтойы – ұжымның ғана емес, осы оқу орнын бітірген түлектер үшін де үлкен мереке. Ғабдрашит ағамыз бір кездері өзін де алғашқы қарлығаштарымен бірге қанаттандырған білім ордасының жақсы жаңалықтарына құлақ түре жүреді екен. Өзін іздеп барған университеттің Медиа орталығының қызметкерлері арқылы бейнеқұттықтауын жолдады. Әрине, біз қарияның аманатына қиянат жасамай, құттықтауын әлеуметтік желілеріміз арқылы университет қызметкерлері мен білім алушыларына жеткіздік.

Әңгіме барысында Ғабдрашит Қарменұлы студенттік жылдарын еске алып, 1963 жылы ашылған Ауыл шаруашылық институтына (қазіргі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) алғашқылардың бірі болып «мал дәрігерлік» факультетіне оқуға түскенін айтты.

– Егер шатаспаса, 105-тей студент оқуға қабылданған еді. Ректор ветеринария ғылымдарының кандидаты Держенский Александр Яковлевич, проректор болған Эмканат Сатқанов, содан

соң Әмірхан Қарасаев, М.Родина, Ғазиз Қамешев деген сабақ берген оқытушылар есімде. Ал институтта бірге оқыған курстастарымның көпшілігі бүгінде бақилық болды. Себебі ол кезде оқуға келгендердің басым бөлігі өндірістен келген, жұмыс жасап жүрген жасы үлкендер болатын. Біз секілді мектеп бітіріп оқуға келгендер 20-30 пайыз ғана еді. Сондай-ақ қазіргі Ж.Досмұхамедов атындағы Орал педагогикалық колледжі, облыстық тарихи-өлкетану музейі – институттың бас ғимараттары болатын. Жатақхана бұрынғы Коммунистическая көшесінде орналасты, ол жерде қазір ештеңе жоқ деуге болады. Қиыншылықтар да болды. Алайда еңбек етіп, жұмыс жасап келген жігіттердің тәртібі де, оқуға деген ынталары да күшті болды. Тағы бір айта кетерлігі, аталған факультет кадр және орын тапшылығына байланысты жабылып қалды да, кейбіреулері Алматыға ауысып кетті. Ал біз институтта қалып, 1968 жылдың ақпан айында оқуды бітірдік, – дейді кейіпкеріміз Ғ.Қарменов.

(Жалғасы 2-бетте)



(Басы 1-бетте)

Ғабдрашит Қарменұлын қолына дипломын алғаннан кейін сол жылдары Қазталовка ауданына қараған «Искра» қой совхозына жолдамамен жұмысқа жібереді. Әрине, ол жылдары жас мамандарға жақсы қамқорлық көрсетілетін болған. Жұмыспен ғана қамтып қоймай, тұратын баспаналарын, мінетін көліктерін сайлап қоятын болған. Ағамыз сол ауылға зоотехник-селекционер болып жұмысқа тұрады. Сол жылы мамыр айында Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, Украина, Белоруссия елдерінде бір жыл әскери борышын өтейді. Әскерден келгеннен кейін «Искра» совхозына қайтып келіп, алты ай бөлімше зоотехнигі болып жұмыс жасайды. Ал 1969 жылдың қазан айында Қазталовка ауданындағы ең үлкен шаруашылықтардың бірі – Жаңақала совхозына бас зоотехник болып жұмысқа орналасады. 1972 жылдың мамыр айына дейін сол ауылда қызмет еткен.

– Сол жылдың наурыз айында Орда (қазіргі Бөкей ордасы) ауданы қайтадан



құрылған еді. Содан «Искра» совхозы Орда ауданының қарамағына өтті, ал Жаңақала совхозы Жаңақала ауданының жетекші шаруашылығы болып, осы ауданда қалды, – деп есіне алды ағамыз.

Әр жылдары Жаңақала аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, кейін осы басқарманың бастығы, Жаңақала ауданындағы Пятимар бастауыш партия ұйымының партком секретары, Халық депутаттары Жаңақала аудандық Кеңесі атқару комитетінің жауапты хатшысы, Жаңақаладағы «Красногор» жылқы зауытының директоры, Жаңақала ауданы әкімінің бірінші орынбасары, «Бірлік» ААҚ президенті, Бөкей ордасы ауданының әкімі болып қызмет еткен.



Еселі еңбек еленген күн



Баян ЕСМАГУЛОВА,
Агротехнологиялық институттың доцент м.а.,
PhD докторы, «Орман, жер және су ресурстарын басқару» жоғарғы мектебінің жетекшісі:

– Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде 2009 жылдан бері қызмет етіп келемін. Күні бүгінге дейінгі аралықта

қызмет атқару барысында өзімнің тәжірибемді жинақтауға, білімімді шыңдауға және тұлға болып қалыптасуыма осы білім ордасының септігі молынан тигенін білемін. Қазіргі таңда ғылыми жобалар атқарудағы еңбегімді, 40-тан аса ғылыми мақалаларымды, монографияларымды, оқу құралдарымды білім алушылар мен магистранттардың оқу және ғылыми диссертациялар жазуға пайдалануы – мен үшін қуаныш. Егемен еліміздің өркендеуіне қосқан үлесім, сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі қажырлы еңбегім ескерусіз қалмай, университетіміздің 60 жылдық мерейтойында облыс әкімі Н.Т.Төреғалиевтің алғыс хатымен марапатталғанымға қуаныштымын. Марапат алған сәтте жасалған жұмыстар зая кетпей, бағаланғаны ерекше қуантты.



Сапура САТАЕВА,
кандидат химических наук (РФ), доктор PhD (РК) Индустриально-технологического института:

– Любовь к химии я несу с собой с тех пор, как на первом уроке по этому предмету открыла первую страницу учебника. Много воды утекло с тех пор, но верность к ней я сохранила в своем сердце. И даже, работая в лаборатории «Уральская областная проектно-исследовательская станция химизации сельского хозяйства», а чуть позже в химическом цехе



Осындай лауазымды міндеттерді абыроймен атқарған Ғабдрашит Қарменұлы 2003-2010 жылдары Батыс Қазақстан облыстық Көші-қон және демография басқармасын басқарып, осы мекемеден зейнеткерлікке шыққан екен. Бүгінде немелерінің сүйікті атасы, ұл-қыздарының аяулы әкесі.

Еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосқан кейіпкеріміздің еселі еңбегі ескерусіз қалмай, «Жаңақала ауданының Құрметті азаматы» атанған. Ел Тәуелсіздігінің 10 жылдық, 30 жылдық және ҚР Конституциясының 10 жылдық мерекелерінде мерейтойлық медальдармен марапатталған. Сонымен бірге 2004 жылы «Еділ-



бай қойларының тұқымаралық түрін» шығаруға атсалысқаны үшін ҚР Әділет министрлігінің санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің №38 авторлық куәлігі берілген. 1989-1991 жылдары Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты болса, аудандық деңгейде бірнеше рет аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болған.

Бүгінде 76 жасқа аяқ басқан қария өзі жоғары білім алған қазіргі Жәңгір хан университетіне 30 жылдық кездесуге барғанын айтты. Әрине, одан бері ширек ғасыр уақыт өткені белгілі. Өзімен бірге институт бітірген курстастарының көбі қазір о дүниелік болғанын әңгіме арасында айтқан еді. Дейтұрғанмен, Жәңгір ханның есімін иеленген қара шаңырақ десе елендеп тұратынын жасырмады. Алпыс жылдығын атап өткен университеттің білім сапасы бұрынғыдан да жақсара түскеніне бек сенімді.

Ләззат ҚАЖЫМОВА

АО «Жайыктеплоэнерго», хоть и оставалась в отрасли, но не оставляла желания заняться научной деятельностью. В 2005 году это удалось – я пришла работать в университет Жангир хана преподавателем на кафедру «Химия и химическая технология». Не все получилось сразу, пришлось менять привычки, перестраивать уклад жизни, но я убедилась в одном – если наметить цель и правильно расставить приоритеты, то нет ничего невозможного. Еще надо много работать – планов громадье. Но меня вдохновляет и мотивирует, что мои усилия не остались незамеченными, что я вижу результаты своего труда, что меня ценят и уважают в коллективе. Конечно, нынешнее награждение, совпавшее с 60-летним юбилеем нашего университета и с Днем Республики, окрыляет меня, но и возлагает дополнительную ответственность. Нужно доказывать и себе, и обществу, что она заслуженна. И я постараюсь. Я понимаю, что всего этого могло и не быть, если бы рядом со мной не работали такие замечательные коллеги, если бы руководство университета не поддерживало меня. Я благодарна всем, кто так или иначе поддерживал меня и продолжает поддерживать.



Форум инженеров

В Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете им. Жангир хана впервые прошёл «Форум инженеров». Данное мероприятие организовано Центром «карьера и бизнес-партнерство» университета совместно с компанией «Шелл Казахстан». В форуме приняли участие руководство университета, представители компании «Шелл Казахстан», инженеры и руководство международных инжиниринговых компаний, студенты ВУЗа, а также школьники старших классов.



Цель форума – создание диалоговой площадки, где будущие инженеры-химики встретились и обсудили перспективы профессии со специалистами международных компаний, а школьники старших классов смогли узнать о профессии инженера в целом. В рамках выставки-вакансий, организованной во время Форума, студенты и школьники также узнали, как правильно составлять резюме и отвечать на интервью при найме на работу. В рамках Форума три команды из университета презентовали свои проектные работы в области энергоэффективности, очистки воды и повышения эффективности буровой скважины. Команда-победитель получила грант в размере 1 миллиона тенге на создание прототипа своего проекта от компании «Шелл Казахстан». Другим участникам были предоставлены сертификаты на прохождение карьерного коучинга от международных экспертов.

Ректор Университета Аскар Мырзахметович Наметов отметил: «Сегодня в стенах университета впервые организован «Форум инженеров», объединивший квалифицированных специалистов нефтегазового сектора, студентов старших курсов, обучающихся по техническим

специальностям. Хочу поблагодарить сотрудников компании «Шелл Казахстан», оказавших поддержку такой инициативе, членов консультационного совета во главе с руководителями международных инжиниринговых компаний, принимающих активное участие в оптимизации образовательных программ химической инженерии. Я также рад, что на этот форум пришли школьники, участвующие в профориентационной подготовке по химической инженерии в рамках проекта «Жастех».

В своем выступлении Айгуль Барменкулова, Директор по корпоративным свя-

зям «Шелл Казахстан» отметила, что на встречах с представителями отечественного бизнеса Глава Государства уделяет приоритетное внимание эффективности проектных, инженерных работ международных инжиниринговых компаний в направлении привлечения местных специалистов и компаний. «Поэтому в рамках наших добровольных социальных инвестиций, мы реализуем проекты направленные на развитие человеческого капитала» – подчеркнула она.

Напомним, в ноябре 2022 года ЗКАТУ им. Жангир хана и компания «Шелл Казахстан» подписали меморандум о со-



трудничестве, в рамках которого компания делится своими знаниями и опытом в области химической инженерии – ключевой части производства. Компания также сотрудничает с университетом для приведения учебной программы факультета химической инженерии в соответствие с международными стандартами.

Стоит отметить, в этом году исполнилось 60 лет со дня основания университета имени Жангир хана, и 30 лет деятельности компании «Шелл» в Республике Казахстан.

Справочно:

«Шелл» – международная энергетическая компания, штаб-квартира которой расположена в г. Лондон (Великобритания). В настоящее время, «Шелл» является одним из крупнейших иностранных инвесторов в экономику Казахстана. Концерн «Шелл» принимает участие в трёх проектах. Это - Соглашение о разделе продукции по Северному Каспию (доля участия 16.81%), Окончательное соглашение о разделе продукции Карачаганакского месторождения (доля участия - 29.25%), и Каспийский Трубопроводный Консорциум, доставляющего казахстанскую нефть на мировые рынки (доля участия 7.4%). www.shell.com



«West Startup Incubator» екінші мәрте оқыту жүргізді

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде «Demo күн» шарасы өз жалғасын тапты.

Білім ордасындағы «West Startup Incubator» бизнес-инкубаторы бизнес-инкубациялау бағдарламасы шеңберінде технологияларды коммерцияландыруға арналған конкурстарға қатысу үшін жобалар дайындау бойынша екінші мәрте оқыту жүргізді.

Бұл жолғы «Demo күн» алаңында оқытуға қатысқан жас ғалымдар мен магистрлер инновациялық жобалары мен стартаптарын бизнес жобаларды ілгерілету мен коммерцияландыруда практикалық тәжірибесі бар сарапшылар алдында таныстырды. Айта



кетерлігі, бұл жолғы оқытуға Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің білім алушылары да қатысып, өз жобаларын ұсынды.

Жобаларды бизнес-инкубациялау бойынша қатысушыларға берілген сертификат «QAZINNOVATIONS» АҚ-ның технологияларды коммерцияландыруға арналған конкурсына қатысуға мүмкіндік береді.

Жалпы мұндай мүмкіндікке Жәңгір хан университетіндегі «WEST STARTUP Incubator» бизнес-инкубаторының

«Qazinnovations» инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігімен арадағы келісімінің арқасында қол жетіп отыр. Нәтижесінде қатысушылар инновациялық жобалары мен стартап идеяларын толықтыруға, сарапшылар мен кәсіпкерлерден кеңес алуға, жеке жаттықтырушылармен жұмыс жасауға, өз стартаптары туралы нақты көзқарас қалыптастыруға, команда жасақтауға, сонымен қатар алғашқы инвестиция тартуға мүмкіндік алды.



Тарихи жыл. Ұмытылмас сәттер. Естелікке айналар кезең.



Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 572 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru